

МРНТИ 18.41.85

**Арайлым Кисярова<sup>1</sup>, Айжан Бердібай<sup>2</sup>**<sup>1</sup>*Н. Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармониясының артисі және солисі  
Атырау, Қазақстан*<sup>2</sup>*Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы  
Алматы, Қазақстан***М. МАҢҒЫТАЕВТЫҢ «ТӨГІЛМЕЛІ» КҮЙІНІҢ МУЗЫКАЛЫҚ-СТИЛЬДІК  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ****Аннотация**

Мақала М.Маңғытаевтың «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестріне жазылған «Төгілмелі» күйінің музыкалық-стильдік талдауына арналған. Шығарма 1987 ж. дүниеге келді. Күйдің композициясында әртүрлі құрылымдар синтезі байқалады. Бір жағынан, онда *шертпе* стиліндегі күйлерге тән нұсқалық-шумақтық форма ерекшеліктері байқалса, екіншіден, үш тараудан құралғаны көрінеді. Оркестрлік күйдің шеткі тараулары үш элементті тақырыпқа сүйеніп жазылған. Сол тақырыптың бірі ортаңғы тараудағы музыка дамуына негіз ретінде алынған. Музыканы дамыту әдістері қатарында : имитация, секвенциялар, мотивтердің нұсқалық өрбітілуі қолданылады. Мазмұндық тақырыбына сәйкес, шығармада *төкпе* стиліндегі күйлерге тән триоль және екі сегіздік ырғақтық өрнегі қайталанып тұрады. Негізгі әуенді сүйемелдейтін аспаптар партияларында квинталық үндестіктердің пайдаланылуы «Төгілмеліні» ежелгі кобыз және домбыра күйлеріне жақындатады. Күйдің ортаңғы тарауы мен қорытындысында дыбыстардың хроматизацияға ұшырауы, жанама тональдіктер аккордтарының қолданылуы, әуен желісінде кең интервалдардың болуы күйде еуропалық академиялық музыка ерекшеліктерінің де орын алғанын байқатады.

**Түйінді сөздер:** күй, нұсқалық-шумақтық форма, шертпе және төкпе стильдері, секвенциялар, имитациялар.

**Арайлым Кисярова<sup>1</sup>, Айжан Бердібай<sup>2</sup>**<sup>1</sup>*Атырауская областная филармония имени Н.Жантурсина  
Атырау, Казахстан*<sup>2</sup>*Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы  
Алматы, Қазақстан***МУЗЫКАЛЬНО-СТИЛЕВЫЕ ОСОБЕННОСТИ КЮЯ М. МАНГЫТАЕВА «ТОГИЛМЕЛИ»****Аннотация**

Статья посвящена музыкально-стилистическому анализу кюя М.Мангытаева «Тогилмели» для фольклорно-этнографического оркестра «Отырар сазы». Кюй был сочинен в 1987г. В музыкальной композиции «Тогилмели» обнаруживается синтез форм. С одной стороны, это вариантнo-строфическая форма, свойственная кюям стиля *шертпе*. С другой – трехчастная структура, характерная для произведений европейской музыки. Первый и третий разделы оркестрового кюя основаны на трехэлементной теме, один из которых положен в основу музыкального развития в среднем разделе.

В числе приемов музыкальной разработки музыкального материала автор использует имитации, секвенции, вариантное развертывание мотивов. Согласно своему названию, которое можно перевести как «льющийся», весь кюй построен на основе повторения ритмической фигуры: триоль и две восьмые. Аналогичный ритмический рисунок, как известно, часто используются в стиле домбровых кюев – *токпе*. Использование в партиях сопровождающих инструментов квинтовых созвучий указывает на близость «Тогилмели» древним кюям для кобыза и домбры. Хроматизация ступеней в развивающем и завершающем разделах, использование аккордов побочных тональностей, мелодические скачки на широкие интервалы и многоголосная фактура указывают на претворение в кюе М.Мангытаева принципов европейской академической музыки.

**Ключевые слова:** кюй, вариантнo-строфическая форма, стили шертпе и токпе, секвенции, имитации.

Araylym Kisyarova<sup>1</sup>, Aizhan Berdiba<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Atyrau Regional Philharmonic named after N. Zhanturin  
Atyrau, Kazakhstan

<sup>2</sup>Kurmangazy Kazakh National Conservatoire  
Almaty, Kazakhstan

## MUSICAL AND STYLE FEATURES OF *TOGILMELI* KUY BY M. MANGYTAEV

### Abstract

The article is devoted to the musical and stylistic analysis of the kui by M. Mangytaev “Togilmeli” for the folklore and ethnographic orchestra “Otyrar Sazy”. Kui was composed in 1987. A synthesis of forms is found in the musical composition “Togilmeli”. On the one hand, this is a variant-strophic form, characteristic of the Shertpe style kuis. On the other hand, there is a three-part structure, which is typical for works of European music. The first and third sections of the orchestral kui are based on a three-element theme, one of which forms the basis of the musical development in the middle section.

Among the methods of musical development of musical material, the author uses imitations, sequences, and variant deployment of motives. According to its name, which can be translated as “pouring”, the entire kui is built based on the repetition of a rhythmic figure: a triplet and two eighth notes. A similar rhythmic pattern, as is known, is often used in the style of dombra kui - *tokpe*. The use of fifth harmonies in the parts of the accompanying instruments indicates the proximity of “Togilmeli” to the ancient kuis for kobyz and dombra. Chromatization of steps in the developing and final sections, chords of side keys, melodic jumps at wide intervals and polyphonic texture indicate the implementation of the principles of European academic music in M. Mangytaev’s kui.

**Keywords:** kui, variant-strophic form, shertpe and tokpe styles, sequences, imitations.

«Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестріне арнап 1987 жылы жазылған «Төгілмелі» күйінде автор ұлттық және еуропалық музыкалық ерекшеліктерді ұштастырған. Бұл күймен аттас шығарма А. Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» атты музыкалық-этнографиялық жинағында Торғай уезінің қобызшысы Зәкәрия Кәрібаевтан алынған әндердің қатарында кездеседі [1, 398-399]. Торғай өңірінің дәстүрлі аспаптық музыкасын қарастырған жас зерттеуші Ш.Мұхамбетжанов: «бірқатар әндердің аты күйдікіне ұқсас болуына қарағанда, оларға осы жанрдың ықпал еткенін байқауға болады» деп «Шалқыма (III)», «Шалқыма (IV)», «Қоңыр жай», «Тоғыз тарау», «Телқоңыр (I)» нұсқаларымен қатар, «Төгілмелінің» екі түрін де келтірген [2, 17].

М. Маңытаевтың күйінің музыкалық құрылымын шертпе стиліндегі шумақты-вариантты формаға жақындастыруға болады. Сонымен қатар, шығарманы шартты түрде үш (негізгі әуеннің берілуі, дамуы, қайталануы) тарауға да бөліп қарастыруға негіз бар. Яғни, оркестрлік орындауға арналған шығармасын автор негізінен күйдің құрылымдық принциптеріне бағындырып, кейбір музыкалық-тілдік ерекшеліктері бойынша академиялық музыканың даму заңдылықтарын пайдаланған.

*C-dur* тональдігінде жазылған күй 1-4 т.т. аралығында бубен-мүйіз, қоңырау, жетіген және шаңқобыз орындайтын кіріспеден басталады. Триоль мен екі сегіздік ырғақтық өрнегі төкпе стилінде жиі кездесетіні белгілі. Күйдің атауына сәйкес, басталуынан композитор осы ырғақ арқылы оның әуенінің үзіліссіз жүретінін білдіргендей әсер қалдырады. 5-ші тактідегі жетіген партиясы және екі такіден кейін оған қосылатын домбыра - бас пен бас - қобыз квинталық мотивінің қайталануына қарағанда, бұл күйге теріс бұраудағы қобыз және домбыра күйлерінің әсері білінеді. Алайда квинталық бұраудағы ежелгі күйлер көбінесе эпикалық немесе аңыз тақырыптарымен байланысты болса [3; 4], М.Маңғытаев шығармасындағы жоғары бағытталған үлкенгерциялық иірім ежелгі семантикалық мағынада емес, көтеріңкі көңілді және лирикалық бағыттағы күйді білдіреді. Мұндай көңіл-күйді шығарманың *Allegretto* темпінде жазылғаны да дәлелдейді.

Күйдің басты әуендік тақырыбы 5-ші такіден басталғанда, кіріспені бастаған аспаптарға шыңырау мен сазсырнай, ал 7-ші такіден бастап – домбыра прима мен бас қобыз қосылады. Күй тақырыбы өз ішінде әрқайсысы екі реттен өтетін үш элементтен

құралған. Оның алғашқы екеуі (5-6 және 9-10 т.т.) шыңырау мен саз сырнайда, ал үшіншісі (13-14 т.т.) – сырнайлар тобы аспаптарында орындалады.

*1-сурет*



*2-сурет*



*3-сурет*



Музыкалық тақырыптың алдымен шыңырау мен саз сырнайда, кейін оған қосылған сырнай мен домбыра-прима партияларына унисонды бірдауысты фактурада берілуінен оның табиғаты әндер мен шертпе күйлерге жақын екенін аңғару қиын емес. Тақырыптың 3-ші элементінде оркестрлік фактура қоюланып, 13-14 т.т.-де шыңырау мен домбыра – примаға шертер мен домбыра-тенор тембрлері қосылады. Бұл элементтің өзінің түпнұсқа және оған сүйеніп дамыған вариантты түрінен кейін тақырып қыл-қобыз партиясына өтеді (19-26 т.т.). Кейін 3-ші тақырыптық элемент иірімі саз сырнай, 1,2 сырнайлар, домбыра – прима, шертер, домбыра тенорға ауысады. Күй дамуының барысында тақырыптың 3-ші элементі маңызды қызмет атқарады. Оның бастапқы мотивіне негізделген қысқа байланыстыру үзіндісі келесі тарауға алып келеді.

Оркестрлік күйдің 33-59 т.т. аралығы оның даму тарауы болып естіледі. Аталған (3-ші) элементке сүйеніп, VI басқыштан бастап жоғары бағытталған секвенциялар *d3* биіктігіне жетіп, одан секундалық қадаммен басқа секвенциялар тізбегі арқылы төмен түседі.

*4-сурет. Күйдің даму тарауының үзіндісі*



Әуеннің вариантты дамуының бұл өтілімі оның алғашқы рет көрсетілгендегі иірімге жақын интонациялық айналыммен аяқталады (3-ші элемент және каденция).

47-59 т.т. аралығында дыбыс қозғалысы осының алдындағы тарауда алғаш рет көрсетілген секундалық қадамдағы секвенциялар мен 3-ші тақырыптық элементтің екі


толқынымен сипатталады (46-49 т.т. және 50-56 т.т.). Мұнда тақырып бастапқы және имитациялық жолмен қайталанып, басқа биіктікке ауысып, сонан соң хроматикалық өзгерістерге түсіп, негізгі тональдікке алыс тональдікпен қатар қойылуы (сопоставление) арқылы дамиды. (Соңғы ерекшелікті композитор кейін күй қорытындысында да пайдаланады):

5-сурет. 54-59 т.т. -2,3 сырнайлар партиясы



Даму үдерісі музыка қозғалысын оркестр топтарының көбісі қосылып, *ff* динамикасында орындайтын күй тақырыбының қорытынды өтіліміне әкеледі. Шартты түрде бұл бөлімді реприза деп белгілеуге болады (60-103 т.т.). Оның бірінші бөлімнен айырмашылығы – тақырыптың негізгі тональдікте емес, оған функционалды жүйе бойынша доминанталық қатынастағы үндестіктен басталуында.

6-сурет. 60-61 т.т. -1, 2,3 сырнай партиясы



Бастапқы тақырып әуені (барлық үш элементі) мұнда аздаған өзгеріспен өтеді. Дәлірек айтқанда, 1-ші элементтің соңы қайталанып (64 т.), 2-ші элемент соңындағы мотив, керісінше, қайталанбай, бірден 3-ші элементке ұласады (67-68 т.т.). Ол қайталанғаннан соң, даму толқынындағы әуен екінші октавадағы *h* дыбысына бағытталған секундалық қадамдағы секвенция тізбегінен кейін оналтылық метрикалық бірліктермен орындалатын фигурациялық қозғалыспен алмастырылады (76-79 т.т.). Бұл әуендік толқын төрт сегіздік ырғақтық формулаларымен берілген бірліктермен *g2* және *f2* дыбыстарына дейін жоғары өрлеп (79 және 81 т.т.), әуен күйдің 1-ші элементінің алғашқы ырғақтық формуласына сүйеніп, қайтадан тұтастай оналтылық бірліктерге өтіп, әуендік иірімі толқынтәрізді, өрнектелген және децималық секірісті қадам арқылы үшінші октаваның *c* дыбысына дейін жетеді. Мұнда композитор уақытша негізгі тональдік үшін параллельді тональдік болып табылатын эолийлік және фригийлік бағыттағы *a* дыбыс қатарына ауытқып, кейін әуен қайтадан *C* тональдігіне оралады. «Төгілмелінің» соңында М.Маңғытаев негізгі тональдікке *s7* болып табылатын аккордты негізгі тональдік үндестігімен қатар (сопоставление) қойып келтірген.

Қорытынды:

1.«Төгілмелі күйі негізінен шерпе стиліндегі шумақтық-вариантты құрылымға сүйенеді, бірақ әуеннің даму барысында еуропалық музыкалық формаға тән шартты түрдегі үшбөлімділік те байқалады.

2. Үшэлементті тақырып бастапқы және қорытынды бөлімде көрсетіліп, оркестрлік күйдің даму тарауында әуеннің 3-ші элементі маңызды роль атқарады.

3. Әуенді дамыту әдістері ретінде автор қайталау, имитация, секвенция, мотивтің вариантты өрбуі секілді ритмдерді қолданған;

4. Композитор қолданған секвенциялар тізбегі көбінесе сатылап жүретін мотивтерден құрылып, көбінесе секундалық қадаммен төмен бағытталады;

5. *C-dur* тональдігінде жазылған күйдің басында жетекші тембрлер тобын сүйемелдеген аспаптарда квинталық интервалдың көрсетілуі бұл күйді қобыз бен домбырада тартылатын ежелгі күйлермен отрақтастырады;

6. Оркестрлік күйдегі ырғақтық өрнектерде де шығарманың домбыра күйлеріне жақындығын дәлелдейді;

7. Күйдің даму тарауы мен қорытындысында пайдаланылған дыбыстардың хроматикалық өзгерістерге түсуі, жанама тональдіктер аккордтарын пайдалануы, әуеннің кең интервалға секіріс жасап жалғасуы, көпдаусты фактура мұнда академиялық музыка ерекшеліктерінің енгенін көрсетеді.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. *Затаевич А.* «1000 песен казахского народа». – Москва: Музгиз, 1963. – 606 б.
2. *Мухамбетжанов Ш.* Торғай өңірінің дәстүрлі аспаптық музыкасы аясындағы күйші Айтбай Мұздахановтың шығармашылығы. Мамандық 6M040100 – Музыкатуану. Өнертану ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Қолжазба. – Алматы. – 90 б.
3. *Омарова Г.* Повторяющиеся мотивы в кобызовых кюях// Инструментальная музыка казахского народа. – Алма-Ата: Өнер, 1985. – 3-14 с.с.
4. *Аманова С.* Древние кюи «Акку»// Инструментальная музыка казахского народа. – Алма-Ата: Өнер, 1985. – 15-24 с.с.

#### **References (transliterated)**

1. *Zatayevich A.* «1000 pesen kazakhskogo naroda». – Moskva: Muzgiz, 1963. – 606 s.
2. *Mukhambetzhанov SH.* Tvorchestvo kyuyshi Aytbaya Muzdakhanova v ramkakh traditsionnoy instrumental'noy muzyki Turgayskogo kraя. Spetsial'nost' 6M040100 - Muzykovedeniye. Dissertatsiya na soiskaniye uchenoy stepeni magistra iskusstv. Rukopis'. – Almaty. – 90 s.
3. *Omarova G.* Povtoryayushchiyesya motivy v kobyzov kyuyakh // Instrumental'naya muzyka kazakhskogo naroda.- Alma-Ata: Iskusstvo, 1985. - 3-14 s.
4. *Amanova S.* Drevniy kyuy «Akku» // Instrumental'naya muzyka kazakhskogo naroda.- Alma-Ata: Iskusstvo, 1985. - 15-24 s.

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Кисярова Арайлым Батырханқызы** – өнертану ғылымдарының магистрі, Н.Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармониясының артисі және солисі.

**Бердібай Айжан Рахманқұлқызы** – PhD докторы, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, «Музыкатуану және композиция» кафедрасының доценті.

#### **Сведения об авторах:**

**Кисярова Арайлым Батырханқызы** – магистр искусствоведческих наук, артист и солист Атырауской областной филармонии имени Н.Жантурина.

**Бердибай Айжан Рахманкулқызы** – доктор PhD, доцент кафедры «Музыковедение и композиция» Казахской национальной консерватории им. Курмангазы.

#### **Information about the author:**

**Araylym Kisyarova** – Master of Arts, artist and soloist of the Atyrau Regional Philharmonic named after N. Zhanturin.

**Aizhan Berdibai** – Doctor PhD, Associate Professor of the Department of Musicology and Composition of the Kurmangazy Kazakh National Conservatory.